

Банктік емес ұйымдардың 2007 жылғы 1 қыркүйектегі ағымдағы жағдайы

2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 30 ұйым, оның ішінде қолданыстағы лицензия негізінде 10 ипотекалық ұйым жұмыс істейді.

№	Ұйымның атауы Наименование организаций	01.01.2007	01.09.2007
1	Ипотекалық ұйымдар	10	10
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар, оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	16 1	20 3
	Барлығы	26	30*

* Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар тізіміне ҚР Ұлттық Банкінен 2001 жылы 3 қыркүйекте лицензия алған «Тимей» қаржы-өнеркәсіп компаниясы» ЖШС кіргізілді. Қазіргі кезде «Тимей» ЖШС-не аталған лицензияны қайтару және оны қайта рәсімдеу үшін ҚР қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес тиісті құжаттарды ұсыну туралы ұйғарым хат берілді.


Ипотекалық ұйымдар

Активтер. 2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 47,9 %-ға өсіп, 187 205,7 млн. теңгені құрады.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасының қомақты үлесін заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрап отыр – 86,3% (161 508,7 млн. теңге), бағалы қағаздар үлесіне – 6,5% (12 232,3 млн. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдарға - 2,2% (4 150,0 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 0,9% (1 641,2 млн. теңге) келіп отыр.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2007		01.09.2007		өсуі (%-бен)
	млн. теңге	%-бен жиынтығы	млн. теңге	%-бен жиынтығы	
Қолма-қол ақша	115,3	0,1	166,5	0,1	44,4
Корреспонденттік шоттар	1 634,6	1,3	1 641,2	0,9	0,4
Бағалы қағаздар	12 783,3	10,1	12 232,3	6,5	-4,3
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	2 550,0	2,0	4 150,0	2,2	62,7
«Кері РЕПО» операциясы	0,0	0,0	2 512,9	1,3	100,0
Клиенттерге берілген заемдар	103 472,4	81,7	161 508,7	86,3	56,0
Капиталға инвестиция және реттелген борыштар	2 752,6	2,2	0,0	0,0	-100,0
Негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер	1 007,5	0,8	1 742,5	0,9	73,0
Басқа активтер	2 238,6	1,8	3 251,6	1,8	45,3
Барлығы активтер	126 554,3	100	187 205,7	100	47,9

2007 жылғы 1 қыркүйектегі ипотекалық ұйымдардың активтерінің құрылымы (%)




2007 жылғы 1 қыркүйектегі ипотекалық ұйымдардың активтерінің құрылымы (%)



Кредиттік портфель. 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі жыл басымен салыстырғанда 58,9%-ға өсіп, 165 953,5 млн. теңге болды.

Қаралып отырған кезеңде ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 93,8%-дан 93,4%-ға дейін кеміді, күмәнді кредиттердің үлесі 6,0%-дан 6,2%-ға дейін ұлғайды, ал үмітсіз кредиттердің үлесі 0,4%-ға дейін ұлғайды.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01.2007		01.09.2007	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы
Несие портфелі барлығы	104 432,9	100	165 953,5	100
Стандартты	97 922,0	93,8	155 062,6	93,4
Күмәнді	6 317,0	6,0	10 307,1	6,2
1- санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	4 797,5	4,6	6 636,0	4,0
2- санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	762,2	0,7	2 139,5	1,3
3- санатты күмәнді – төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде	424,9	0,4	124,6	0,1
4- санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	268,4	0,3	633,3	0,4
5- санатты күмәнді	64	0,1	773,7	0,5
Үмітсіз	193,9	0,2	583,8	0,4




1 қыркүйектегі жағдай бойынша жиынтық несиелік портфеліндегі 3 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 98,9% құрады. Олардың ішінде «БТА Ипотека» АҚ - 48,2%, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ - 32,5%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 18,2%.


Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 54 829,0 млн. теңгеге немесе 55,6 %-ға өсті және 2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 153 761,9 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (53,5%) және басқа банктерден алынған заемдар (43,6 %) басым болды.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.07		01.09.07		Өсуі, %-бен
	млн. тенге	% -бен жиынтығы	млн. тенге	% -бен жиынтығы	
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан және басқа банктерден алынған заемдар	27 975,5	28,3	67 090,9	43,6	2,4 есе
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	0,0	0	0,0	0	0,0
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	67 581,5	68,4	82 168,6	53,5	21,6
Басқа кредиторлар	788,2	0,8	796,8	0,5	1,1
Басқа міндеттемелер	2 491,5	2,5	3 705,6	2,4	48,7
Міндеттемелердің барлығы	98 836,7	100	153 761,9	100	55,6

2007 жылғы 1 қазіргі ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы (%)



2007 жылғы 1 қыркүйектегі ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы (%)



Кірістілік. 2007 жылғы 1 қыркүйекте ипотекалық ұйымдар кіріс салығын төлегеннен кейін 2 414,5 млн. теңге мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды, бұл өткен жылдың осындай ұқсас кезеңіне (2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша – 1 181,4 млн. теңге) қарағанда 2 есе көп. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 16 863,2 млн. теңге болды (2006 жылғы 1 қыркүйекте – 9 058,2 млн. теңге), шығыстар – 14 448,7 млн. теңге (2006 жылғы 1 қыркүйекте – 7 876,7 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңге	млн. теңге		
	01.09.2006	01.09.2007	%-бен өзгеруі (+;-)
Сыйақы алумен байланысты кірістер	7 476,2	12 935,2	73,0
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	4 350,8	7 582,0	74,3
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	1 582,0	3 928,0	2,5 есе
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	3 525,9	6 866,7	94,7

Проценттік кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (70,7% немесе 11 925,4 млн. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал проценттік шығыстар құрылымында – бағалы қағаздар бойынша (30,6% немесе 4 426,2 млн. теңге) төленген сыйақыларға байланысты шығыстар орын алады.

Ипотечалық ұйымдардың меншікті капиталы ағымдағы жылдың басынан бастап 5 726,0 млн. теңгеге немесе 20,6 %-ға өсіп, 2007 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 33 443,9 млн. теңгені құрады.

* Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдардың есептілігі тоқсан сайын ұсынылады.